

Шекті аукциондық бағаларды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 33
бұйрығы
(2020.23.04. берілген өзгерістермен)

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы [6-бабының 5-8\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

ҚР Энергетика министрінің 2020.23.04. № 155 [бұйрығымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Қоса беріліп отырған шекті аукциондық [бағалар](#) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
 - 4) осы бұйрық ресми жарияланғанынан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Т. Сүлейменов
2018 жылғы 22 ақпан

ҚР Энергетика министрінің 2019.15.03. № 91 [бұйрығымен](#) (бұр.ред.қара); 2020.23.04. № 155 [бұйрығымен](#) (бұр.ред.қара) бағалар жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 30 қаңтардағы

Шекті аукциондық бағалар

Р/с №	Электр энергиясын алу үшін пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің технологиясы	Тариф шамасы, теңге/ кВтсағ. (ҚҚС-сыз)
1	Жел энергиясын түрлендіруге арналған жел электр станциялары	21,69
2	Күн сәулесінің энергиясын түрлендіруге арналған күн энергиясын фотоэлектрлік түрлендіргіштер	16,97
3	Гидроэлектр станциялары	15,48
4	Биогаз қондырғылары	32,15